

1993 жылдары туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы N 3 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Сарқан ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 6 қаңтарда N 2-17-80 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17, 18 баптарына, және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуге алуды уақтылы және сапалы жүргізу үшін аудан әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. 2010 жылғы қаңтар-наурыз айларында 1993 жылы туылған, сондай-ақ бұдан бұрын тіркеуге алынбаған жасы ұлғайған азаматтар әскерге шақыру учаскесінде **т і р к е у г е** **а л ы н с ы н .**

2. Ауылдық, поселкелік, қалалық округтердің әкімдері:

1) 1993 жылы туылған, сондай-ақ жасы ұлғайған азаматтардың шақыру учаскесінде **т і р к е у г е** **а л ы н у ы н** **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н ;**

2) азаматтардың медициналық куәландырудан өткізілуін қамтамасыз ету үшін олардың **у ч а с к е с і н е** **ж е т к і з і л у і н** **қ а д а ғ а л а с ы н .**

3. "Сарқан ауданының орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық **к ә с і п о р н ы** **(М . Д о л а е в а) :**

1) 2009 жылғы "Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1993 жылы туылған, амбулаториялық есепте тұрған науқастанушылардың қажетті медициналық құжаттарын, сондай-ақ туберкулез, наркологиялық, тері венерологиялық және психоневрологиялық диспансерінде, жасөспірімдер кабинеттерінде, сонымен қатар жұқпалы науқастар ауруханасында есепте тұрған **ж а с т а р д ы ң** **т і з і м і н** **т а п с ы р с ы н ;**

2) тіркеуге алуға дейін 1993 жылы туылған барлық жастарды қажетті медициналық **т е к с е р у д е н** **ө т к і з с і н .**

4. Сарқан аудандық ішкі істер бөлімі Қ. С. Әбдірахманов: **ә с к е р г е** **ш а қ ы р у** **у ч а с к е с і н д е** **т і з і м г е** **т ұ р у д а н** **ж а л т а р ы п** **ж ү р г е н** **ж а с т а р д ы** **і з д е с т і р у** **т о п т а р ы н** **қ ұ р с ы н .**

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ. Маманбаевқа**

ж ү к т е л с і н .

6.Осы шешім баспасөзде алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Бекішов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК